

**"Жедел басып шығару баспаханасы" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорынын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 27

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласы, Қонаев көшесі 15/1 мекен-жайында орналасқан баспахананың негізінде жедел басқару құқығында "Жедел басып шығару баспаханасы" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеттері: шағын көлемді оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, нормативтік-құқықтық актілер, ғылыми әдебиет пен басқа да баспа өнімдерін шығару болып белгіленсін.

4. Уәкілетті орган бір ай мерзім ішінде Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін және Кәсіпорынды әділет органдарында тіркесін, Кәсіпорын басшысын тағайындасын және белгіленген тәртіппен онымен келісім-шарт жасассын, басқа да ұйымдастыру мәселелерін шешсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Кәсіпорынды белгіленген тәртіппен тіркегеннен кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына Кәсіпорынды Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне енгізу туралы қаулының жобасын енгізсін.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасында "Баспахана, Алматы, Қонаев көшесі, 15/1" деген жол алынып тасталсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ